



**АБАЙ  
ҚҰНАНБАЕВ**

АБАЙ  
ҚҰНАНБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ  
ӨЛЕҢДЕР

Алматы  
«Жазушы»  
1985

Каз 1  
A13

*K. Кожықовтың* гравюрасы

Күнанбаев Абай.

А 13 Таңдамалы өлеңдер.— Алматы:  
Жазушы, 1985.— 176 бет, портр.

Кітапқа қазақ әдебиетінің классигінің таңда-  
малы өлеңдері енді

К 47022301000—007  
402(05)—85 163—84

аз 1

*Жүргімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде встім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!*

**АБАЙ**

Абай кейінгі ұрпакқа осылай деп үн қатқан еді. Түнекті тылсым ғасырдан жарқын болашаққа жалғыз аяқ соқпақ тартқан арлы ақын, адал ақынның қалтқысыз сырлары еді бул.

Қасіретті қазақ елінің қараңғы аспанын на-  
дандық бұлты торлаған тамұқ заманда өлең-жыр-  
дың жалқын алауын жоғары көтеріп, күн шыға-  
тын көкжиекке қалың жұртын ол осылай баста-  
ған болатын. -

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ**



\* \* \*

Қансонарда бүркітші шығады **аңға**,  
Тастан тұлқі табылар аңдығанға.  
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет  
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.  
Бүркітші тау басында, қагұны ойда,  
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.  
Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
Қыран құс көзі көріп самғанда.  
Төмен үшсам тұлқі өрлеп құтылар деп,  
Қанды көз қайқақ қағып шықса аспанға  
Көре тұра қалады қашқан тұлқі,  
Құтылмасын білген соң құр қашқанға,  
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,  
О да талас қылады шыбын жанға.  
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,  
Шабар жерін қарамас жығылғанға.  
Қырық пышакпен қыржыңдал түрған тұлқі,

О да — осал жау емес қыран паңға.  
Сегіз найза қолында, көз аудармай,  
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.  
Қанат қүйрық сұылдап, ыскырады,  
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.  
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,  
Жеке батыр шыққандай қан майданға.  
Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы,  
Адам үшін батысып қызыл қанға.  
Кар — аппак, бүркіт — қара, тұлқі — қызыл,  
Ұқсайды каса сұлу шомылғанға.  
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,  
О да бұлк-бұлк етпей ме сипанғанда,  
Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,  
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.  
Қүйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,  
Және ұқсар тар тесекте жолғасқанға.  
Арт жағынан жаурыны бұлкілдейді,  
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.  
Құсы да, иесі де қоразданар,  
Алпыс екі айлалы тұлқі алғанда,  
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымындал,  
Жасы үлкені жанына байланғанда,  
Сілке киіп тымақты, насыбайды  
Бір атасың көнілің жайланғанда.  
Таудан жиде тергендей ала берсе,  
Бір жасайсың, күмарың әр канғанда.  
Көкіректе жамандық еш ниет жок,  
Аң болады кеңесің құс салғанда.

Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген,  
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.  
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға  
Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда?  
Үқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,  
Суретін көре алмассың, көп бакпасан,  
Көлеңкесі түседі көкейіңе.  
Әр сөзін бір ойланып **салмақтасаң**,  
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,  
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

1882



\* \* \*

Қактаған ақ күмістей кең маңдайлы,  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жана ұқсатамын туған айды.  
**Маңдайдан** тура түскен қырлы мұрын,  
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.  
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,  
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,  
Күлкісі бейне **бұлбұл** күс сайрайды.  
**Жұп-жұмыр**, ақ торғындей мойыны бар,  
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.  
Тақтайдай **жауырыны** бар, иығы тік,  
Екі алма қеудесінде қисаймайды.  
Соракы ұзын да **емес**, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай **бұрандайды**.  
Етіндей жас баланың білегі бар,  
**Ажымсыз** ақ саусағы іске **ыңғайлышы**.  
Қолаң қара шашы бар жібек талды,  
Торғындей **толқын** ұрып, көз таңдайды.

\* \* \*

Қандай қызда ләzzат бар жан татпаған?  
Сұлудың бұл заманның тек жатпаған.  
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,  
Алмасы өкпе болар қол батпаған.  
Бұлардың кейбірінің мінездері:  
Еш нәрсе көрмегенсіп, бұртақтаған.  
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,  
Орынсыз адамдармен жыртқаған.  
Әуелден сулу жайы бізге мәлім:  
Жігітті жүрт мақтаған қыз жақтаған,  
Кей жігіт мақтан үшің қылыш қылмай,  
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.  
Кей жігіт арсыздықпен үятсынбай,  
Колы жетпес нәрсеге тыртақтаған.  
Орынды іске жүріп, ой таппаған,  
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.  
Қасиетті болмайды ондай жігіт,  
Эншейін құр бекерге бұлғақтаған

1884



\* \* \*

Калың елім, қазағым, қайран жұртың,  
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі үртүң.  
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
Үкпайсыа өз сөзіңнен баска сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың:  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды  
Құндіз күлкің бұзылды, тұнде үйқың.  
Қөрсө қызар келеді байлауы жок,  
Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың..  
Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки бұзған жок па елдің сиқың?  
Әздерінді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың.  
Ағайың жок нәрседен етер бұртың,  
Оның да алған жок па құдай құлқың?  
Бірлік жок, береке жок, шын пейіл жок,

Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған  
Күш синасқан күндеңстік бұзды-ау шырқың.  
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Эр жерден-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
Қай жерінен көңілге куат қылдық,  
Қыр артылmas болған соң, мінсе кырқың?  
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
Не түсер құр құлқіден жыртың-жыртың,  
Ұғындырар кісіге кез келгенде  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртың?

1886



\* \* \*

Базарға, қарап тұрсам, әркім баар  
Іздегені не болса, сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап акшасына соナン алар.  
Біреу үқпас **бұл** сөзді, біреу **ұғар**,  
Бағасын пайым қылмай ан-таң қалар.  
Сөзді **ұғар** осы күнде кісі бар ма,  
Демеймін **жалпак** **жұртқа** бірдей жағар.  
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншак,  
Біреуден-біреу алыш, елге тараар.  
Бір кісі емес жазғаным, жалпак **жұрт қой**,  
Шамданбай-ақ, шырактар, үқсан жаарар.  
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

1886

## ЖАЗ

Жаздыкүн шілде болғанда,  
Қекорай шалғын бәйшешек.  
Үзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге  
Қөшіп ауыл қонғанда;  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтындал,  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып, ыңқылдал,  
Суда тұрып шыбындал,  
Күйрұғымен шылпылдал,  
Арасында құлын-тай  
Айнала шауып бұлтылдал.

Жоғары-төмен үйрек, қаз  
Үшып тұрса сымпылдал.  
Қыз-келіншек үй тігер,  
Бұрала басып былқылдал,  
Ақ білегін сыбаныш,

**Эзілдесіп сыңқылдал.**  
Мал ішінен айналып,  
Көнлі жақсы жайланып,  
Бай да келер ауылға,  
Аяңшылы жылпылдал.

Сабадан қымыз қүйдірып,  
Ортасына қойдірып,  
Жасы ұлкендер бір бөлек  
Кеңесіп, күліп сылқылдал.  
Жалшы алдаған жас бала  
**Жагалайды шешесін:**  
Ет әпер деп қыңқылдал.  
Қөлеңке қылыш басына,  
Кілем төсеп астына,  
Салтанатты байлардың  
Самаурыны бүркүлдал.

Білімділер **сөз** айтса,  
Бәйгі атындаі **аңқылдал**,  
Өзгелер басын изейді,  
Эрине деп макұлдал.  
Ақ көйлекті, **таяқты**  
Ақсақал шығар бір шеттен:  
**Малыңды** әрі қайтар деп,  
Малшыларға **қаңқылдал**.

Бай **байғұсым** десін **деп**,  
Шақырып қымыз берсін **деп**,

Жарамсақсып, жалпылдал.  
Шаландарын белсенген,  
Асай мініп тенселген,  
Жылқышылар кеп тұрса,  
Таңертеңен салпылдал  
Мылтық атқан, күс салған.  
Жас бозбала бір бөлек  
Су жағалап қутындал.

Кайырып салған көк құсы,  
Көтеріле бергенде,  
Қаз сыптырса жарқылдал.  
Әткен күннің бәрі ұмыт,  
Қолдан келер қайрат жок,  
Баранағы байғұс шал  
Ауылда тұрып күледі,  
Қошемет қылыш қарқылдал.

*1886*

• \* \*

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп  
Откіздік бір нәрсеге болмай жетік.  
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мактанды қалдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,  
Көп надандар өзіне тартар бейім.  
Арылмас әдет болды күлкішілдік,  
Ыржан-қылжаң ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,  
Жиреніп жылмандақты демес бұрыс.  
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,  
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жок серменде<sup>1</sup> сырды бұзды,  
Анық таза көрмейміз досымызды.

<sup>1</sup> Сенделіп босқа жүрген адам.

Кылт етпеге көкілдің кешуі жок,  
Жүрегінде жатады өкпе сзы.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,  
Қосылған босаспайды жүрек жігі.  
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз —  
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Сеніскең досым да жок, асығым да,  
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да,  
Көрмеген көп дүние көл көрінді,  
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Кұдай берген бұл достық — кәннің<sup>1</sup> бірі,  
Мұндасқанда қалмайды көңіл кірі.  
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,  
Ит мұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таптай іздейді жан,  
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.  
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,  
Артық жолдас таппадым татулықтан.

1886

<sup>1</sup> Пеш, бул жерде куат, күш беру магынасында.

\* \* \*

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы  
Киыннан қыстырыр ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіл,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бетен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис — сөздің басы,  
Қосарлы бәйітсымал<sup>1</sup> келді арасы.  
Қисынмен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа<sup>2</sup> оқыған ғұламасы,  
Мұнәжәт<sup>3</sup> уәлилердің<sup>4</sup> зар наласы.

<sup>1</sup> Өлең, жыр.

<sup>2</sup> Мешітте айтылатын уағыз.

<sup>3</sup> Тілек, зар.

<sup>4</sup> Басқарушы, билеуші.

Бір сөзін бір сөзіне қыстырыар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап  
  
Кобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мактау өлең айтып әркімге арнап.  
Әр елде өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірген сез кәдірін жүртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдал,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,  
Жат елде қайыршылық қылыш жүріп,  
Өз елін бай деп мактап құдай қарғап.

Қайда бай мактаншакқа барған таңдал.  
Жиса да, бай болмапты, канша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырак көрінеді соларды аңдал.

Ескі бише отырмын бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді **аяндал**.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, кызықты айтсам қыздырмалап,  
Әншейін күн өткізбек әңгімелеге  
Тыңдар едің бір **сөзін** мыңға балап.

Акыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.  
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,  
Әркім жүр алар жердің ебін камдап.  
Мақтан қуған, мал құмар нені үға алсын,  
Шықпаса мыңдан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,  
Кусың десе, қуанып жүр алшандап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын еліртіп «жау **мұндалап**».

Ыңсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терен, ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

1887

## ҚҰЗ

Сұр бұлт түсі сұық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан?

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ **бұрынғыдай**,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айырылған ағаш, курай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,  
Салбыраңқы тартылты жыртық киім.  
Енесіне иіртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,  
Астында ақ шомшы<sup>1</sup> жүр, ол — бір керуен.

<sup>1</sup> Астық екпеген ел басқа елге түйемен **барып астық** алып қайтады, сонда **түйе бос** барады да, шом артады.


Қай ауылды көрсөң де, жабырқанқы,  
Күлкі-ойын қөрінбейді, сейіл-серуен.

Кемшір-шал құржан қағып, бала бүрсен,  
Көңілсіз қара сұық кырда жүрсен.  
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген сон,  
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсөң.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы.  
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.  
От жақпаған үйінің сұры қашып,  
Ыстан қорыққан қазактың құрсын заңы

1888





## ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы — ақ қырау, түсі сұық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.

Ұшпадай<sup>1</sup> бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.  
Бұлыштай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды  
Бурадай бүрк-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттап киген малшы  
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Шашыранды (*бұлт*).